

«БЕКІТІМІ»

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті» КеАҚ
Басқарма мүшесі – Ғылым және
коммерциализация жөніндегі
проректор

Ж. Құрманалиева

«19»

2025 ж.

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ. САЯСИ ҒЫЛЫМДАР. АЙМАҚТАНУ. ШЫҒЫСТАНУ. ТҮРКІТАНУ СЕРИЯСЫ» ЖУРНАЛЫНЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

1. Жалпы ережелер

1.1 Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы (бұдан әрі – Журнал) саяси ғылымдар, аймақтану, шығыстану және түркітану салаларындағы бірегей жоғары сапалы мұқият іріктелген түпнұсқа еңбектерді жариялауға маманданған ғылыми рецензияланатын журнал болып есептеледі.

1.2 Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде тіркелген. Қайта есепке қою куәлігі №KZ05VPY00032822. Берілген күні: 24.02.2021 ж.

1.3 Сериялық басылымдардың стандартты нөмірлерінің халықаралық орталығы журналға: ISSN баспа нұсқасы (Print) 2616-6887, eISSN электронды нұсқасы (Online) 2617-605X индексі енгізді.

1.4 Журналдың шығу жиілігі – үш айда бір рет, жылына 4 рет.

1.5 Журнал сайты: <https://bulpolit.enu.kz>

1.6 Журналдың құрылтайшысы және баспагері – «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ. Мекен-жайы: 010000 Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қ. Сәтбаев көшесі 2, ЕҰУ-дің оқу-әкімшілік (бас) ғимараты.

1.7 Редакциялық саясатқа өзгерістер мен толықтырулар Редакциялық алқаның шешімімен енгізіледі.

2. Журналдың мақсаты мен міндеттері

2.1 Журналдың мақсаты: ғалымдарға, оқытушыларға, магистранттар мен докторанттарға саясаттану, халықаралық қатынастар, аймақтану, шығыстану және түркітану салаларындағы теориялық, практикалық маңызы бар іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелерін жариялау мүмкіндігін ұсыну. Журнал сонымен қатар отандық және халықаралық кәсіби қоғамдастықты жаңа ғылыми жетістіктер бойынша ақпараттандыруды көздейді.

2.2 Хабаршы қазақстандық ғылыми ақпараттық жүйенің бір бөлігі ретінде материалдарды жариялай отырып, келесі міндеттерді шешуге қатысады:

- Қазақстанның және шет елдердің ғылыми қоғамдастығына ғылыми зерттеулер нәтижелері туралы ақпарат алмасу мүмкіндігін беру, оқырмандарды инновациялық әзірлемелерді енгізудің озық әлемдік тәжірибесімен таныстыру;
- жетекші шетелдік ғалымдардың еңбектерін жариялау мен шолу жасауға өзара әрекеттесу және қатысу;
- ғылыми жұмыстар мен диссертациялық зерттеулерді сараптамалық бағалау сапасын арттыруға көмектесетін ашық ғылыми пікірталас алаңын ұйымдастыру;
- ғылыми әдістемені сынауға, жетілдіруге және бейімдеуге, терминологияны нақтылауға, сондай-ақ күрделі және зерттелу деңгейі төмен саяси мәселелерді тұжырымдамалауда ғалымдарға көмек көрсету;

- қазіргі заманғы саяси технологиялар мен коммуникацияларды, ішкі және сыртқы саясаттың ерекшеліктерін, халықаралық және ұлтаралық қатынастарды, сондай-ақ қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-саяси процестерді кешенді талдау үшін пәнаралық тәсілді қолдану;
- Қазақстанның саясат және аналитика саласындағы кәсіби қоғамдастығының желілік өзара әрекеттесуі үшін, сондай-ақ ғылыми мектептер сабақтастығын сақтау үшін мүмкіндіктер ұсыну;
- эмпирикалық зерттеулер, социологиялық өлшемдер, контент-талдау, фокус-топтар және отандық және шетелдік ғалымдармен сарапшылық сұхбаттар арқылы алынған деректердің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- журналдың халықаралық деректер қорында және ашық электронды ресурстарда қатысуын кеңейту;
- қазіргі саяси ойдың жетістіктерін тарату, Қазақстанның және шет мемлекеттердің ғылыми қызметкерлері, ғылыми орталықтары арасындағы кәсіби байланыстар мен ғылыми ынтымақтастықты дамыту, басқа басылымдармен, саяси және қоғамдық мекемелермен, жоғары оқу орындарымен қызметті үйлестіру;
- қазақстандық ғалымдардың халықаралық ғылыми қоғамдастықпен ықпалдасуына жол ашу.

3. Журналдың бағыты мен жиілігі

3.1 Журналда саяси ғылымдар, аймақтану, шығыстану және түркітану салалары бойынша теориялық және қолданбалы мәселелер зерттелген ғылыми мақалалар жарияланады.

3.2 Журнал саясаттану, халықаралық қатынастар, аймақтану, шығыстану және түркітану салаларының өзекті мәселелеріне қызығушылық танытатын отандық және шетелдік зерттеушілерге, оқытушыларға, жас ғалымдарға арналған. Қолданбалы саралау мен саяси ғылымның пәнаралық байланыстарын, әдіснамалық тәсілдердің кеңдігін ұштастыру негізінде қазақстандық саясаттану қоғамдастығын топтастыру міндеттеріне дәстүрлі бейімділікті сақтай отырып, журнал бағыттарының тізбесіне осындай салалар кіреді:

- саяси ғылымның теориясы мен әдіснамасы;
- саяси ғылымдар саласындағы салыстырмалы зерттеулер;
- саяси әлеуметтану;
- саяси философия және саясат философиясы;
- халықаралық қатынастар мен халықаралық қауіпсіздік мәселелерін зерттеу;
- жаһандану және трансұлттандыру саясатын зерттеу;
- саяси мәдениет, саяси идеология және саяси бірегейлік, бірегейлік саясаты саласындағы зерттеулер;
- әлемдегі интеграциялық үдерістер мәселелері;
- ұлтаралық және этносаралық қақтығысты реттеу саясатын және қазіргі әлемдегі ұлттық құрылыс мәселелерін зерттеу;
- институционалдық саясаттану;
- партиялық-саяси жүйелер мен саяси режимдерді зерттеу;
- аймақтық саясат мәселелерін зерттеу;
- қолданбалы саяси зерттеулер;
- шығыстану және түркітану салаларындағы қолданбалы зерттеулер;
- конфликтология және қауіпсіздік мәселелерін зерттеу;
- мемлекеттік басқару проблемаларын саяси талдау және болжау;
- цифрландырудың қоғамдағы әлеуметтік-саяси процестерге әсері;
- халықаралық қатынастар тарихы;
- халықаралық қатынастар теориясы;

- халықаралық қатынастар мен сыртқы саясаттың заманауи мәселелері;
- жаһандық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері;
- әлемдік экономика мен аймақтанудың заманауи мәселелері;
- шығыстану мен түркітанудың өзекті мәселелері.

Журналда қолжазбаны жариялау туралы сараптамалық шешім қабылдау кезінде жоғарыда көрсетілген принциптер мен мазмұндық-тақырыптық басымдықтарды ұстану маңызды саналады.

4. Еркін қолжетімділік саясаты

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы» журналы келесі қағидаға сүйене отырып, оның мазмұнына тікелей ашық қолжетімділікті қамтамасыз етеді: зерттеу нәтижелеріне еркін қолжетімділік жалпы білім деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Пайдаланушылар баспагердің немесе автордың алдын ала рұқсатынсыз жарияланған қолжазбаларды толық немесе кез келген басқа заңды мақсатта оқи алады, жүктей алады, тарата алады, көшіреді, басып шығарады, сілтеме жасай алады немесе пайдалана алады.

Бұған дейін жарияланған мақалалар келесі сілтеме арқылы сайт мұрағатында қолжетімді: (<https://bulpolit.enu.kz/archive>).

5. Мұрағаттау

Журналдың электронды нұсқалары келесі мәліметтер қорына жіберіледі:

- Қазақстандық дәйексөздер базасында импакт-факторды қалыптастыру бойынша Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы;
- Elibrary.ru ғылыми электронды кітапханасы;
- «EBSCO»;
- Журналдың баспа бетінде жарияланған нұсқалары Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханаларына ұсынылады.

6. Мақаланы жариялау шарттары

Барлық ғылыми мақалалар бес тілде қабылданады: қазақ, орыс, ағылшын, түрік, араб, сонымен қатар олар бұрын баспа және/немесе электронды түрде жарияланбауы керек.

Шетелдік авторлардың мақалалары тегін жарияланады (Қазақстан Республикасынан қосалқы авторлар қатыспаған жағдайда). Шетелдік авторлардың мақалалары, сондай-ақ ағылшын тіліндегі мақалалар журналдың әрбір нөміріндегі жарияланымдар санының кемінде 1/3 (үштен бір) бөлігін құрайды немесе шетелдік автордың ағылшын тіліндегі қазақстандық бірлескен авторсыз 1 (бір) мақаласы есепке алынады.

Баспаға қатысы жоқ авторлардың ғылыми мақалалары журналдың әрбір нөміріндегі жарияланымдар санының кемінде 50%-ын (елу пайызын) құрайды.

Журналдың бір нөмірінде автор бір мақала ғана, соның ішінде бірлескен авторлықты да жариялай алады. Бір автордың мақаласы (жеке немесе бірлескен түрде) қатарынан екі басылымда жариялануға рұқсат етілмейді.

Докторанттарға ғылыми жетекшісі дайындаған мақалаға рецензия берген жағдайда жетекшісі көрсетілмеген мақалаларды жариялауға рұқсат етіледі.

Магистранттар мен докторанттардың жұмыстары ғылым докторы немесе кандидаты, сондай-ақ PhD докторы бірлесіп жазған жағдайда ғана жарияланады.

Алғыс білдіру, мүдделер қақтығысы. Авторлар қаржыландыру көздерін және басқа жарналарды, растауларды және мүдделер қақтығысын көрсетуі қажет.

Авторлардың қосқан үлесі. Бұл бөлімде әр автордың мақалаға қосқан үлесі көрсетіледі. Жұмысқа үлес – зияткерлік үлес болып есептеледі, онсыз жұмыстың бір

бөлігі немесе тұтастай жұмыс аяқталуы немесе мақала жазылуы мүмкін емес. Мақала авторларының жұмысқа қосқан үлесі келесі критерийлерге негізделген адамдар болуы мүмкін:

- жұмыстың тұжырымдамасына немесе рәсімделуіне елеулі үлес қосу; жұмыс нәтижелерін жинау, талдау немесе түсіндіру;
- мәтінді жазу және/немесе оның мазмұнын сыни тұрғыдан қарастыру;
- мақаланың соңғы нұсқасын жариялауға бекіту;
- жұмыстың барлық аспектілері үшін жауап беруге келісу, мәліметтердің дұрыстығына немесе мақаланың барлық бөліктерінің тұтастығына қатысты сұрақтарды дұрыс тексеру және шешу.

Мақаланың «Алғыс/Acknowledgements» бөлімінде мақаланы дайындауда басқа рөлдерді атқарған тұлғалар да көрсетілуі мүмкін. Әрбір автордың қосқан үлесінің бірегейлігін және оның мақаладағы жұмысқа қатысуын егжей-тегжейлі атап өткен жөн. Түпнұсқа мақалаларда үлестері экспериментті орындаудан тұратын бірлескен авторлар үшін орындалған эксперименттік жұмыстың жеке кезеңдерінің атауын көрсету қажет.

Журнал редакторлары авторлардан ережелермен (журнал туралы жалпы ақпаратты, мақалаларды қарау тәртібін, авторларға арналған нұсқауларды, жариялау этикасын қоса) танысуды және журналға мақалаларды дайындау барысында оларды басшылыққа алуды сұрайды. Белгіленген ережелерді ұстанбау мақаланың жариялануын кешіктіреді.

6.1 Барлық авторлар журналдың ресми сайтында тіркелуі керек: <https://bulpolit.enu.kz>. Авторлар логин мен пароль арқылы, мақаланы жіберіп және оның статусын жеке кабинет арқылы қадағалай алады.

6.2 Авторлар редакцияға 3 файл жіберуі тиіс: аты-жөні көрсетілген мақала, аты-жөні алып тасталынған мақала мәтіні және ілеспе хат.

6.3 Автордың мақаланы редакцияға жіберуі (авторлардың) баспагер Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналында мақала басып шығару және оны кез келген шет тілінде қайта басу құқығына келісімін білдіреді.

6.4 Редакцияға (ашық журнал жүйесі (OJS) арқылы) мақаланың және ілеспе хаттың Word файлдары қабылданады (бет – А4, барлық жағынан шеттер – 20 мм. Шрифт: Times New Roman, өлшемі 14).

Редакцияға құжаттардың соңғы нұсқасын алған күн мақаланың түскен күні болып есептеледі. Редакция мақаланың мағынасын бұзбайтын мәтінге редакциялық өзгерістер енгізу құқығына ие.

Авторлар қолжазбаның екі нұсқасын ұсынуы керек, олардың біреуінде авторлар туралы ақпарат (аты-жөні, жұмыс орны, авторлар туралы ақпарат) қамтылмауы қажет, себебі «екіжақты жабық» рецензиялауда анонимді мәтін талап етіледі. Сондай-ақ автор(лар) Ілеспе хат ұсынуы қажет. Мақала файлдарын мақала тақырыбының алғашқы 4-5 сөзімен атау керек (мысалы: 1. Оқыту әдістемесі туралы – автормен файл; 2. Оқыту әдістемесі туралы – авторсыз файл).

6.5 Мақала көлемі 16 бетен аспауы қажет (8 беттен бастап). Мақала көлеміне қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аңдатпа, түйін сөздер, әдебиеттер тізімі, референс, авторлар туралы мәліметтер есептелмейді. Көрсетілген көлемнен асатын жұмыстар журналдың редакция алқасының айрықша шешімі бойынша ерекше жағдайларда жариялауға қабылданады.

6.6 «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы» журналында мақалаларды жариялауға дайындау кезінде ғылыми мақаланың құрылымын қатаң сақтау және рәсімделуіне байланысты ережелерді басшылыққа алу ұсынылады.

Жұмыс мәтіні XFTAP айдарынан басталады (Халықаралық ғылыми-техникалық ақпарат айдары, келесі сілтеме арқылы <http://gmnti.ru/>), әрі қарай автордың(лардың) аты-жөні мен тегі, ұйымның толық атауы, қаласы, мемлекет, автордың(лардың) e-mail поштасы, мақаланың тақырыбы, аңдатпа, түйін сөздер жазылады.

Аңдатпа (Аннотация/Abstract) зерттеу мақаласының қысқаша мазмұны және оқырманға мақаланың мәнін тез түсінуге көмектесу үшін қолданылады. Аңдатпа мақаланың дербес бөлігі бола отырып, түсінікті етіп жазылуы тиіс. Онда көлемді формулалардың болмауы, мазмұны бойынша мақала атауын қайталамауы, жұмыс мәтіні мен әдебиеттер тізіміне сілтемелер болмауы тиіс, мақаланың қысқаша мазмұны, оның ерекшеліктерін көрсетіп, мақаланың құрылымын сақтауы тиіс. Аңдатпа оқырманды мақаланы толығымен оқуға ынталандыруы керек. Аңдатпа құрылымы зерттеу объектісін сипаттаудан басталып, мәселелерді және қолданылған әдістерді, көрнекті нәтижелерді және олардың маңыздылығын баяндау керек. Қажет болған жағдайда белгіленген терминологияны пайдалану керек. Аңдатпа көлемі 150-300 сөзді құрайды және қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде дайындалады.

Аңдатпаның құрылымы келесі тармақтарды қамтиды:

- зерттеу тақырыбы бойынша кіріспе сөз;
- ғылыми зерттеудің мақсаты, негізгі бағыттары мен идеялары;
- жұмыстың ғылыми-практикалық маңыздылығына қысқаша сипаттама;
- зерттеу әдістемесінің қысқаша сипаттамасы;
- зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдаулары, қорытындылары;
- жүргізілген зерттеудің құндылығы (бұл жұмыстың тиісті білім саласына қосқан үлесі);
- жұмыс нәтижелерінің практикалық маңыздылығы.

Түйін сөздер (Ключевые слова/Keywords) (7 сөзден немесе сөз тіркестерінен көп емес) мақаланың негізгі мазмұнын көрсетуі; зерттеудің пәндік саласын анықтауы; мақала мәтінінде кездесуі тиіс сөздер. Түйін сөздер бір-бірінен үтір арқылы ажыратылады.

Журналдың ықтимал авторлары тақырыптарға сәйкес **мақала құрылымы** (кіріспе, мақсаты, тарихы, зерттеу әдістері, нәтижелер/талқылаулар, қорытынды/тұжырымдар) туралы келесі ережелерді ұстануы керек:

- мақала мәтінін түсінуді қамтамасыз ететін қажетті белгілер мен анықтамалардың болуы;
- мақала тақырыбы бойынша нәтижелер қашан және қайдан алынғанына сәйкес толық сілтемелермен мәселені тұжырымдау туралы тарихи ақпараттың берілуі;
- кез келген ғылыми жұмыстың ең маңызды бөлігі ретінде мақаланың міндетін анықтау қажеттілігі мен өзектілігінің негізделуі;
- мақалада келтірілген мәселенің шешімін нақты тұжырымдау және сипаттау;
- мақала нәтижесі (нәтижелері) жаңалығының толық негіздемесінің жасалуы;
- ұсынылған нәтижелер толық негіздемелермен қамтамасыз етілуі керек.

Осы талаптардың бірі сақталмаған жағдайда мақала қарастыруға қабылданбайды.

6.7 Кестелер жұмыс мәтініне тікелей енгізіледі, олар нөмірленіп, жұмыс мәтінінде оларға сілтеме берілуі тиіс. Суреттер, графиктер стандартты форматтардың бірінде ұсынылуы керек: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Нүктелік суреттерді 600 dpi рұқсатымен орындау қажет. Суреттерде барлық мәліметтер, белгілер нақты, айқын көрсетілуі керек.

6.8 Әдебиеттер тізімінде тек жұмыс мәтінінде сілтеме жасалған дереккөздер (дәйексөз ретінде немесе ағылшын әліпбиінің ретімен нөмірленген) болуы керек. Нәтижелері дәлелдемелерде қолданылатын жарияланбаған жұмыстарға сілтемелер жасауға рұқсат етілмейді.

Келтірілген дереккөздердің сапасы мен саны мақаланың өзектілігін көрсетеді. Сондықтан авторларға келесі нұсқауларды орындау ұсынылады: барлық сілтемелерде ағылшын тілінде библиографиялық деректер болуы керек; сілтемелердің кемінде 50%-ы Scopus немесе Web of Science базаларында индекстелуі тиіс; сілтемелердің кемінде 50% он жылдан жоғары болмауы керек, оның жартысы 3 жылдан жоғары болмауы керек;

пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі мақала авторлары мен бірлескен авторлары жарияланымдарының рұқсат етілген саны жалпы санның 20%-нан аспауы тиіс.

Әдебиеттер тізімін рәсімдеу мысалдары:

Журналда жариялауға ұсынылған барлық мақалалар, жарияланымдар және материалдар Гарвард дәйексөз стилінің талаптарына сәйкес рәсімделген әдебиеттер тізімімен сәйкес болуы шарт.

Пайдаланылған әдебиеттерді рәсімдеуге қойылатын негізгі талаптар:

Сілтеме құрылымы:

- Автор(лар), жарияланған жылы, жұмыстың атауы, басылым атауы (бар болса), баспасы, шыққан қаласы.
- Егер бұл онлайн-ресурс болса, толық сілтеме (URL) мен қаралған күні көрсетілуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттерді рәсімдеудің Гарвард стилі туралы ақпаратты мына сілтемеден алуға болады: https://bullaw.enu.kz/index.php/main/libraryFiles/downloadPublic/11*.

Бұл ресурста дәйексөздер мен библиографиялық сілтемелерді Гарвард стилінің талаптарына сәйкес дұрыс рәсімдеу бойынша ұсыныстар мен мысалдар енгізілген.

*Құжат Microsoft Office Online веб-сайтынан жүктеп алынды: <https://pnll-wordview.officeapps.live.com/>.

Гарвард стилінде пайдаланылған әдебиеттерді рәсімдеу үлгісі:

Кітапты рәсімдеу:

а) Кара-Мурза, Г.С. (2005) Манипуляция сознанием. Москва: Эксмо, с. 832.

Журналдағы мақалаларды рәсімдеу үлгісі:

б) Мубашева, К.Б., Есеркепова, Ж.О. (2021) «Роль информационно-коммуникационных технологий в дипломатии современного Казахстана и КНР», Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. Серия Политические науки. Регионоведение. Востоковедение. Тюркология, 1 (134), стр. 23-31. Доступно по адресу: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2021-134-1-23-30>

Конференция материалдарын рәсімдеу үлгісі:

в) Глущенко, А.Н. (2019) «Вброс как стратегическое явление «информационной атаки» в рамках интернет-коммуникации», материалы Международной научной конференции «Лингвистика будущего: новые тенденции и перспективы», Майкоп, стр. 308-311.

Журнал мақалаларын рәсімдеу (азғышын тілінде):

г) Lasswell, H. (1927) 'The Theory of Political Propaganda', The American Political Science Review, 21(3), pp. 625-627.

Интернет-ресурстарды рәсімдеу:

д) Касым-Жомарт Токаев (2022) Послание Главы государства народу Казахстана «Новый Казахстан: путь обновления и модернизации» 16.03.2022. Доступно по ссылке: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1623953> (қаралған күн: 11 қаңтар 2023 ж.).

Авторефераттарды рәсімдеу:

е) Воробьева, Ю.В. (2021) Секьюритизация всемирного культурного наследия (на примере деятельности Итальянской Республики): автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата политических наук. Москва, с. 177.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімінен кейін орыс және ағылшын тілдерінде (егер мақала қазақ тілінде жазылса), қазақ және ағылшын тілдерінде (мақала орыс тілінде ұсынылса), қазақ және орыс тілдерінде (мақала ағылшын тілінде дайындалса) **библиографиялық деректерді** (мақала атауы, автор(лар)дың аты-жөні, ұйымның толық атауы, қаласы, елі, мақаланың атауы, аңдатпа, түйін сөздер) көрсету қажет.

Әрі қарай библиографияның ағылшын және транслитерацияланған бөліктерінің тіркесімі беріледі. Транслитерация мынадай сілтеме арқылы жүзеге асырылады <http://translit-online.ru/>. Бұл онлайн аудармашы қазақ әліпбиінің нақты әріптерін транслитерацияламайды. Сондықтан қазақша мәтінді транслитерациялаудан кейін авторлар келесі ережелерді сақтай отырып, түзетулер енгізуі керек:

ә	ғ	ң	ө	ү	ұ	қ	і
a	g	n	o	u	u	k	i

Әдебиеттер тізіміне кириллицада берілген шығармалар кірсе, әдебиеттер тізімін екі нұсқада: біріншісі түпнұсқада, екіншісі орыс әліпбиіне негізделген нұсқада (транслитерация) ұсынылуы қажет. Бұл әдебиеттер тізімінің транслитерациясы келесідей сілтеме арқылы қолжетімді: <http://www.translit.ru>

6.9 Әдебиеттер тізімінің транслитерация жасалған бөлігінің мысалдары:

Book design:

a) Kara-Murza, G.S. Г.С. (2005) Manipulyatsiya soznaniem. Moskva: Eksmo, s. 832. [in Russian]

Journal article design:

b) Mubasheva, K.B., Eserkepova, Zh.O. (2021) «Rol' informatsionno-kommunikatsionnykh tehnologii v diplomatii sovremennogo Kazakhstana I KNR», Vestnik ENU im. L.N.Gumileva. Seriya Politicheskie nauki. Regionovedenie. Vostokovedenie. Tyurkologiya, 1 (134), str. 23-31. Dostupno po adresu: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2021-134-1-23-30> [in Russian]

Conferences proceedings design:

c) Glushchenko, A.N. (2019) «Vbros kak strategicheskoe yavlenie «informatsionnoi ataki» v ramkakh internet-romunikatsii», materialy Mezhdunarodnoi nauchnoi konferentsii «Lingvistika budushchego: novye tendentsii i perspektivy», Maikop, str. 308-311. [in Russian]

Article from the journal in English design:

d) Lasswell, H. (1927) 'The Theory of Political Propaganda', The American Political Science Review, 21(3), pp. 625-627.

Internet resources design:

e) Kasym-Zhomart Tokaev (2022) Poslanie glavy gosudarstva narodu Kazakhstana «Novyi Kazakhstan: put' obnovleniya I modernizatsii» 16.03.2022. Dostupno po ssylke: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazakhstana-1623953> (data obrashheniya: 11 yanvarya 2023 g.). [in Russian]

Preparation of abstracts:

f) Vorob'ev, Yu.V. (2021) Sekyuritizatsiya vseirnogo kul'turnogo naslediya (na primere deyatelnosti Italiyanskoj Respubliki): avtoreferat dissertatsii na soiskanie uchenoi stepeni kandidata polipoliticheskikh nauk. Moskva, s. 177. [in Russian]

7. Мақаланы жариялаудан бас тарту негіздері

7.1 Мақала антиплагиат жүйесінде мәтіндік түпнұсқалықтың шекті деңгейінен өтпеді (жұмыстың түпнұсқалық көрсеткіші кемінде – 80%).

7.2 Мақала бойынша екі теріс рецензия тіркелді.

7.3 Мақала Журнал саясатының техникалық талаптарына сәйкес келмеді.

7.4 Автор рецензенттер ұсынған түзетулерді енгізбеді.

7.5 Антиплагиат жүйесінде тексеру нәтижесінде жасанды түрде генерацияланған мәтіндер анықталды.

8. Авторлық құқық

Осы журналда жариялайтын авторлар келесі талаптармен келіседі: авторлық құқықты сақтайды және журналға *Creative Commons Attribution License* лицензиясы негізінде жұмысты алғаш жариялау құқығын береді. Бұл басқаларға осы жұмысты түпнұсқа туындысының авторларына және осы журналдағы түпнұсқа басылымға сілтемелерді міндетті түрде сақтай отырып таратуға мүмкіндік береді.

Авторлар осы журналда оның бастапқы жарияланымына сілтеме жасай отырып, жұмыстың нұсқасын осы жерде жарияланған түрде (мысалы, оны университет қоймасында орналастыру, кітапта жариялау) эксклюзивті емес таратуға қатысты жеке келісім-шарт жасау құқығын сақтайды.

Авторлар өз жұмыстарын осы журналды қарау процесіне дейін және сол уақытта интернетте орналастыруға құқылы (мысалы, университет қоймасында немесе жеке сайта). Өйткені бұл өнімді талқылауға және осы жұмысқа көбірек сілтеме жасауға әкелуі мүмкін (қараңыз *The Effect of Open Access*).

9. Құпиялылық

Журналдың веб-сайтына енгізілген атаулар мен электрондық пошта мекен-жайлары тек Журналда белгіленген мақсаттар үшін пайдаланылады және басқа мақсаттар үшін пайдаланылмайды немесе өзге адамдар мен ұйымдарға берілмейді.

10. Антиплагиат

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің антиплагиат саясаты Журнал менеджері плагиатқа арналған автоматты тексерудің лицензиялық жүйесі арқылы мақаланы орындау дербестігіне тексеруді жүзеге асырады (<https://antiplagiat.enu.kz/>). Мақаланы плагиатқа автоматты тексеру нәтижесі бойынша толық электронды есеп жүктеледі (**жұмыстың түпнұсқалық көрсеткіші 80%-дан кем болмауы қажет**). Қанағаттанарлық нәтиже алмаған мақалалар одан әрі қарастыруға қабылданбайды. Журналдың техникалық хатшысы бұл туралы бас авторға хат алмасу кезінде хабарлайды.

Журналдың редакциясында жіберілген қолжазба «Антиплагиат.ВУЗ» лицензиялық жүйесі арқылы антиплагиатқа автоматты тексеруден өтеді (<https://www.antiplagiat.enu.kz/>). Қолжазбаның автоматты түрде тексеру нәтижелері жөніндегі толық электрондық есеп түсіріледі.

Жариялау шарттары. «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану Шығыстану. Түркітану сериясы» журналына жіберілген мақалалар плагиатқа тексерілгеннен кейін міндетті түрде анонимді рецензиялауға жіберіледі. Рецензиялау нәтижелері бойынша журналдың редакциялық алқасы қорытынды шешімді қабылдайды.

11. Рецензиялау тәртібі

11.1 Журналдың жауапты хатшысы түпнұсқалығын тексеруден өткен мақаланы бас редакторға (немесе сала бойынша жауапты редакторға, бас редактордың орынбасарына) жолдайды. Бас редактор (немесе сала бойынша бас редактор, бас редактордың орынбасары)

мақаланың журнал тақырыбына сәйкестігін қарайды. Сәйкес келмеген жағдайда, редакция авторға жариялаудан бас тарту негіздемесі бар хат жолдайды. Мақаланы бастапқы қараудың орташа уақыты 2 аптаны құрайды.

Бас редактор (немесе сала бойынша бас редактор, бас редактордың орынбасары) бастапқы іріктеуден өткен әрбір мақалаға рецензент – тиісті тақырып бойынша ғалым немесе маман тағайындайды.

Журналдың бас редакторы мақаланы рецензентке оны жариялауға болатындығын анықтау үшін плагиатты тексеру есебімен бірге жібереді.

11.2 Журналда «**екіжақты жабық**» рецензиялау әдісі қолданылады, онда редакция авторлар мен рецензенттердің есімдерін құпия сақтайды. Рецензент журнал редакциясына зерттелетін тақырыптың өзектілігін, автордың ғылыми салаға қосқан үлесін, алынған нәтижелердің деңгейін қамтитын мақала бойынша негізделген рецензияны ұсынады. Барлық рецензиялар мақаланы жариялауға ұсыну (түзетуге жіберілген немесе өзгеріссіз) немесе оның қайтарылуы туралы толық ақпаратқа ие. Редакцияға келіп түсетін рецензияда үш лауазымнан тұратын ұсыныстар бар:

а) редакциялық түзетуден кейін жариялауға ұсынылады.

б) мақала рецензенттің ескертулеріне сәйкес түзетулер енгізілгеннен кейін журналда жариялануы тұрғысынан қаралуы мүмкін.

с) мақала жариялауға қабылданбайды.

11.3 Мақаланы қайта қарастыру қажет болған жағдайда бас редактор/бас редактордың орынбасары немесе редакция алқасының мақала үшін жауапты мүшесі мақала авторына (авторларына) «Мақаланы рецензент ескертулеріне сәйкес қайта толықтыру (түзету) қажет» деген жазбаша мәлімдеме жібереді. Бұл жағдайда автор қысқа мерзімде мақаланың жаңартылған нұсқасын жіберуі қажет.

11.4 Бұдан кейін мақаланың жөнделген/түзетілген нұсқасы рецензентке қайта қарастыруға жіберіледі. Қарастыру мақала бойынша рецензенттің соңғы шешімін алғанға дейін жалғасады. Рецензенттің ескертулерімен келісіп, бірақ оларды түзетуге ниет білдірмеген жағдайда (ескертулерді толық жоймай мақаланы үшінші рет ұсынғаннан кейін) мақала қабылданбайды. Рецензенттің ескертулерімен келіспеген жағдайда автор/авторлар журналдың бас редакторына негіздемеге сүйенген хат жібереді. Бас редактор автордың/авторлардың өтінішін қарастыра отырып, шешім қабылдайды.

12. Жария ету саясаты және мүдделер қақтығысы

Қарауға ұсынылған қолжазбалардан алынған жарияланбаған деректерді автордың жазбаша келісімінсіз жеке зерттеулерде пайдалануға болмайды. Рецензиялау кезінде алынған және ықтимал артықшылықтармен байланысты ақпарат немесе идеялар құпия сақталуы және жеке пайда алу мақсатында пайдаланылмауы тиіс.

Рецензенттер ұсынылған жұмысқа байланысты кез келген авторлармен, компаниялармен немесе басқа ұйымдармен өзара келіскен, бірлескен немесе басқа да өзара іс-қимылдары мен қатынастары салдарынан мүдделер қақтығысы болған жағдайда қолжазбаларды қарауға қатыспауы тиіс.

Барлық мүдделі тұлғалар (авторлар, рецензенттер, редакторлар және журналдың редакциялық алқасының мүшелері) мүдделер қақтығысының барлық кезеңдерінде кез келген вариацияда мүдделер қақтығысы туындағаны туралы мәлімдеулері қажет. Қандай да бір мүдделер қақтығысы байқалған жағдайда, журнал редакциясына дереу хабарлау керек. Бұл жағдайлар зерттеулердің адалдығы мен жарияланымдардың сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында өте маңызды.

Жоғарыда айтылғандай, жарияланған материалдар және рецензенттердің этикалық мінез-құлық нормаларын бұзудың ықтимал жағдайлары халықаралық этикалық комитеттің ғылыми жарияланымдар этикасы қағидаттары жөніндегі нұсқаулықтарының (*Committee on Publication Ethics (COPE), respecting integrity in scholarly research and its publication COPE: Committee on Publication Ethics*) негізінде шешілетін болады.

13. Жариялау этикасы

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы» журналының редакциялық саясаты жарияланым этикасы жөніндегі комитеттің журнал редакторларына арналған (Committee on Publication Ethics: COPE, promoting integrity in scholarly research and its publication COPE: Committee on Publication Ethics) ғылыми жарияланымдар этикасы қағидаттары жөніндегі нұсқаулықта баяндалған, ең бастысы төмендегідей талаптарды қамтитын ғылыми мерзімді басылымдардың дәстүрлі этикалық қағидаттарына бағдар береді:

Авторлар үшін:

Мақалаларды редакцияға жіберу арқылы автор Журналда мақаланы басып шығару және оларды кез келген шет тілінде қайта басып шығару құқығына келісімін білдіреді. Қолжазбаны редакцияға жібере отырып, автор(лар) ешкімнің авторлық құқығын бұзбағанына кепілдік береді. Авторлар журнал баспагеріне, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне шектеусіз мерзімге айрықша құқықтар береді:

- Журнал даналарының таралымын шектемей туындыны қайта шығару құқығы (жариялау, қайта шығару, тарату немесе өзге де қайталау), сондай-ақ туындыны кез келген тәсілмен тарату құқығы. Бұл ретте жұмыстың әрбір данасында автор(лар)дың аты-жөні көрсетіледі.
- Жұмысты әртүрлі мәліметтер базасы мен ақпараттық жүйелерге қосу құқығы.
- Мақаланы көпшілікке қолжетімді ету құқығы.
- Метадеректерді пайдалану құқығы (атауы, автордың (авторлық құқық иесі), аңдатпалар, библиографиялық ақпарат, жұмыстың толық мәтіні және т.б.).
- Жұмыстарды тарату, жеткізу, өңдеу және жүйелеу, сондай-ақ оларды әртүрлі деректер қорларына, оның ішінде жарияланған жұмыстардың толық мәтіндерін енгізу құқығы.
- Автор(лар) туындыны пайдалану құқығын қолдану аясын шектемеуге келіседі.
- Автор(лар) сонымен қатар журнал шығарушысына өзінің жеке деректерін (тегі, аты, әкесінің аты, білімі, жұмыс орны және атқаратын лауазымы) тұрақты сақтау және өңдеу құқығын береді. Бұл дербес деректер әртүрлі дерекқорлар мен ақпараттық жүйелерде сақтау және өңдеу, аналитикалық және статистикалық есеп беру, ғылым, әдебиет және өнер объектілерінің дербес деректермен байланысын орнату және т.б. үшін пайдаланылуы мүмкін.
- Автор(лар) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес зияткерлік меншік объектілерін және ғылыми мақалаға авторлық құқықты заңсыз пайдаланғаны үшін толық жауапкершілікте болады.
- Автор(лар) өз жұмыстарын плагиатқа тексеруге келіседі.
- Автор(лар) жіберілген мақаланың бұрын еш жерде жарияланбағанын, басқа ғылыми басылымдарға жіберілмегенін және басқа журналдарда жариялауға ұсынылмайтынын растайды.
- Автор(лар) журнал туралы жалпы ақпаратты, мақалаларды қарау тәртібін, авторларға арналған нұсқауларды және журналдың редакциялық саясатын, оның ішінде жариялау этикасының қағидаттарымен таныс екенін растайды.

Ұсынылатын мақалаларға қойылатын талаптар:

- мақала редакцияның талаптарына сәйкес рәсімделуі тиіс;
- мақала жөнелту кезінде оның жарияланбауы немесе басқа басылымның қарауында болмауы тиіс;
- түпнұсқа зерттеулер нәтижелі болуы қажет;

– автордың/авторлық ұжымның жұмыс нәтижелерінің қамтылуы (басқа тұлғалардың қосылуына жол берілмейді) керек. Мақала жіберілген кезде барлық авторлар осы журналдағы жарияланыммен келіседі және мақалада авторларды жариялау тәртібіне қарсы емес екені ескеріледі.

– дәйексөз тізімінде тек зерттеу барысында пайдаланылған рецензияланған дереккөздер болуы керек;

– мақалада барлық пайдаланылған дереккөздер (соның ішінде, автордың/авторлық ұжымның жұмыстары) көрсетілуі тиіс.

Рецензенттер үшін:

– Журналда жарияланатын мақалалардың сапасын қамтамасыз ету мақсатында екіжақты «жабық» рецензиялау рәсімі пайдаланылады. Рецензент үшін рецензиялау объектісі тек алынған зерттеулердің нәтижелері болуы керек.

– Рецензиялауға түскен әрбір қолжазба құпия құжат ретінде қарастырылады. Рецензент өз жарияланымдарында жіберілген қолжазбадағы материалдарды пайдалана алмайды. Рецензент материалды үшінші тұлғаларға тек бас редактордың рұқсатымен ғана жібере алады.

– Рецензент редакцияға жұмыстың объективті бағасын ұсынуы керек, қажет болған жағдайда жіберілген материалды жақсарту нұсқаларын ұсынуы қажет.

– Егер рецензент ол материал тақырыбының маманы болмаса, редакцияға хабарлап, материалды рецензиялаудан бас тартуы қажет.

Редакторлар үшін:

Бас редактор және редакция алқасының мүшелеріне келесідей міндеттемелер жүктеледі:

– мақалалардың сапалық құрамына ерекше назар аудару, журналдың редакция алқасының отырыстарына қатысу, мақала бойынша рецензенттердің шешімдерімен келісім (немесе келісім емес) бойынша өзінің дәлелді шешімін айту, журнал нөмірлерінің мазмұнын анықтау бойынша шешім қабылдау,

– авторлардың географиялық әртүрлілігін кеңейту бойынша жұмыс жүргізу, әртүрлі ұйымдар мен елдерде жұмыс істейтін мамандарды жариялауға шақыру,

– автордың/авторлық ұжымның жынысына, ұлтына, дініне және басқа да жеке қасиеттеріне қарамастан, қолжазбалардың зияткерлік мазмұнын бағалау.

– авторлармен және ұйымдармен бәсекелестік, бірлескен және басқа да өзара іс-қимыл мен қарым-қатынас салдарынан қолжазбаларда кездесін мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда, мақаланы қарастырмау.

Бас редактор:

– техникалық талаптарға сәйкестігі бойынша бастапқы іріктеуден өткен әрбір келіп түскен мақала бойынша рецензенттерді (тиісті тақырып бойынша ғалымдар немесе мамандар) тағайындайды,

– рецензенттердің пікірлері мен журналдың редакция алқасының отырысында ағымдағы нөмірдің мазмұнын анықтау бойынша материалды талқылау негізінде түскен материалды жариялау туралы түпкілікті шешім қабылдайды.

Редакция:

– Журнал редакциясы мақала авторларымен тікелей жұмыс істейді және ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялау бойынша авторларға қызмет көрсету агенттіктерімен жұмыс жүргізбейді.

– Редакция авторлардың, редакторлар мен рецензенттердің этикалық емес мінез-құлқын анықтау кезінде қысқа мерзімде шешім қабылдауға міндетті. Авторлардың әдепке жат қылықтарына авторлар құрамын бұрмалау, жалған ғылыми мәтіндерді

жариялау, оларды бұрмалау, дәйексөз келтірумен айла-шарғы жасау, заңсыз көшіру (плагиат), материалды өзге басылымдарға ұсыну жатады.

– Қолжазбаны қарау немесе оны басып шығару алдында дайындау процесінде автордың(лардың) әдепке жат мінез-құлқы анықталған кезде редакция қолжазбаны одан әрі қараудан алып тастауға және автормен ынтымақтастықты тоқтатуға құқылы. Автордың әдепке жат мінез-құлқы оның мақаласы жарияланғаннан кейін анықталған жағдайда (қатар жариялау, авторлық құқықтарды бұзу, плагиат және т.б. фактілері анықталған) редакция автор(лар)дың әдепке жат мінез-құлқы туралы басқа журналдарды (мақала қатар жарияланған) хабардар ете отырып, журнал сайтынан да, сондай-ақ мұрағаттау және ғылыми индекстеу базаларынан да мақаланы қайтару (алып тастау, кері қайтарып алу) туралы шешім қабылдауына құқылы. Редакция жарияланымға байланысты күрделі мәселелер (автордың әдепке жат мінез-құлқы, қателіктер және т.б.) анықталмаса, жарияланымды жою (ретрагациялау) туралы негізсіз шешімдер қабылдамауы керек.

– Журнал рецензенттері мен редакторларының әдепке жат қылықтарына мақала мәтіндерін авторлардың келісімінсіз басқа журналдарға беру, авторлар материалдарын үшінші тұлғаларға беру, авторлық құқықтарды, редакциялық үрдістердің құпиялылығы қағидатын бұзу, сондай-ақ авторлармен және қолжазбамен байланысты ұйымдармен бәсекелестік, бірлескен және басқа да өзара іс-қимылдар мен қатынастар салдарынан мүдделердің болуына байланысты материалдарды қолдау жатады.

– Қарастырылған қолжазбаларға немесе жарияланған материалдарға қатысты шағымдар туындаған жағдайда редакция алқасы тиісті жауап шараларын қабылдауға міндетті: ең алдымен, мақала авторынан түсініктеме сұралады. Тергеу автордан қанағаттанарлықсыз жауап алған жағдайда ғана жүргізіледі.

– Жоғарыда айтылмаған авторлардың, редакторлар мен рецензенттердің этикалық мінез-құлық нормаларын бұзудың ықтимал жағдайлары жариялау этикасы жөніндегі комитеттің ғылыми жарияланымдар этикасы қағидаттары жөніндегі нұсқаулықтың (Committee on Publication Ethics: COPE, promoting integrity in scholarly research and its publication / COPE: Committee on Publication Ethics) негізінде шешілетін болады.

– Редакция бас редакторға, редакция алқасы мен мүшелеріне, рецензенттерге журналда жариялауға мүмкіндік береді, бірақ олар өз ережелерін қолдана алмайды. Барлық мақалалар, соның ішінде, арнайы басылымдардың жауапты редакторларының мақалалары да рецензиялау рәсімінен өтеді және журналдың редакция алқасының отырысында қарастырылады.

– Жарияланған мақалаларда қателер (формуларда, техникалық себептер бойынша көрсеткіштерде) анықталған жағдайда түзетулер туралы ақпарат келесі нөмірлерде орналастырылуы мүмкін.

14. Редакцияның мекен-жайы

010008, Қазақстан, Астана қ., Қ. Сәтбаев, 2, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, бас оқу-әкімшілік ғимараты. Тел.: +7 7172 709-500 ішкі 31-342). E-mail: vest_polit@enu.kz

15. Төлемақы

Жариялауға оң қорытынды пікір алған авторлар төменде көрсетілген деректемелер бойынша төлемақы жасауы қажет.

Шетелдік авторлар мақалаларды тегін жариялайды.

ЕҰУ қызметкерлері үшін төлем – 1 бетке **2 000 теңге** (электронды нұсқа), 1 бетке **2 500 теңге** (электронды және қағаз нұсқасы).

Өзге ұйымдардағы авторлар үшін – 1 бетке **2 500 теңге** (электронды нұсқа), 1 бетке **3 000 теңге** (электронды және қағаз нұсқасы).

Реквизиттер:

**НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»
БИН 010140003594**

1) АО "Банк ЦентрКредит"

БИК Банка: KСJBKZKX

KZ978562203105747338

Кбе 16

Кнп 859 – мақала үшін

2) АО «Bank RBK»

БИК Банка: KINCKZKA

ИИК: KZ498210439858161073

Кбе 16

Кнп 859 – мақала үшін

**3) Kaspi.kz > Төлемдер > Білім беру > Қосымша білім беру > Мекеме атауы (ЕҰУ
Хабаршысы)**

1. Автордың аты-жөні

2. Автордың ЖСН

3. Журнал сериясын тізімнен таңдау

4. Төлем сомасы

16. Лицензиялау

Журнал өзінің мазмұнына Creative Commons Attribution-NonCommercial 4.0 International (CC BY-NC 4.0) лицензиясы бойынша тегін негізде тікелей ашық қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Авторлар егер жұмыстың авторлығы көрсетілсе және осы журналға сілтеме жасалған жағдайда авторлық құқықты сақтайды, материалды еркін көшіруге, таратуға құқылы.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің Басқарма төрағасы –
Ректоры Е.Б. Сыдықовқа**

ІЛЕСПЕ ХАТ

Авторлар осы хатты басшылыққа ала отырып, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы» журналына «Мақаланың тақырыбы» тақырыбындағы автор(лар)дың аты-жөні ғылыми мақаласын жариялауда ешкімнің авторлық құқығын бұзбағаны жөнінде кепілдік береді. Автор(лар) Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журнал баспасына шектеусіз мерзімде келесідей айрықша құқықтарды ұсынады:

- мақаланы шығару құқығы (жариялауға, таратуға, көбейтуге, тираждауға немесе мақаланың басқа да көбеюлеріне), даналар таралымының шектеусіздігіне, мақаланы кез келген жолмен тарату құқығын береді. Сонымен қатар, мұндай жағдайда, мақаланың әрбір данасында автор(лар)дың аты-жөні болады;
- мақаланы құрама жұмысқа енгізу құқығы;
- жалпыға жария ету құқығы;
- мақалалардың метадеректерін пайдалану құқығы (атауы, автор(лар)-дың аты-жөні (авторлық құқық иесі), аңдатпалар, библиографиялық материалдар, мақаланың толық мәтіні және т.б.). Осы арқылы, мақалаларды жалпыға жариялау және жеткізу, өңдеу және жүйелеу, сондай-ақ әртүрлі дерекқорларға және ақпараттық жүйелерге, оның ішінде мақаланың жарияланған толық мәтінді нұсқаларын енгізу құқығы.
- Мақаланы қолдану құқығының аумағы шектелмеген.

Сондай-ақ автор(лар) журнал баспасына сақтау және жеке деректерді мерзімсіз өңдеу құқығын береді (тегі, аты, әкесінің аты, білімі туралы, жұмыс орны және лауазымы жайлы мәлімет). Дербес деректер оларды сақтау және әртүрлі дерекқорларда және ақпараттық жүйелерде өңдеу, оларды аналитикалық және статистикалық есептілікке қосу, ғылым, әдебиет және өнер туындылары объектілерінің дербес деректермен және т.б. негізделген өзара байланысын құру үшін ұсынылады.

Автор(лар)ға ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес ғылыми мақалада зияткерлік меншік объектілерін, авторлық құқық объектілерін толық көлемде заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік міндеттеледі. Автор(лар) журнал баспасына мақаланы плагиат мәніне тексеруге келісімін береді.

Автор(лар) мақаланың бұрын еш жерде жарияланбағанын, басқа ғылыми басылымдарға жіберілмегенін және жіберілмейтінін растайды.

**Ілеспе хат мекеменің ресми бланкісінде рәсімделеді және мекеме басшысының қолы қойылады (ЖОО үшін ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі жетекшілік етуші проректор).*

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті автор(лар)ының Ілеспе хатын факультет деканы растайды.*

Орынд.: Автор(лар)дың аты-жөні